

Мақат ауданы аумағында сауда қызметі субъектілеріне автодүкендерде және (немесе) шатырларда көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін бөлінген арнайы орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 104 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 мамырда № 3217 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қарашадағы № 185 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 08.11.2016 № 185 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8 бабының 2) және 3) тармақшаларына және 27 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Мақат ауданы аумағында сауда қызметі субъектілеріне автодүкендерде және (немесе) шатырларда көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін бөлінген арнайы орындар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Х. Төлеуішовке жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Умаров

(МАТҚҚБ) _____ (МАПБ) _____

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Мақат аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы*

С. Габитова

20.04.2015 жыл

20.04.2015 жыл

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы "23"
сәуірдегі № 104 қаулысына қосымша

Мақат ауданы аумағында сауда қызметі субъектілеріне автодүкендерде және (немесе) патырларда көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№ р/с	Көкөніс өнімдерін сату үшін арнайы бөлінген орындар	Бірліктер саны		Сауда жүргізу мерзімі
		Автокөліктен	Сауда шатырынан	
1	Мақат кенті, "Барыс" базары қасында	2		01.11.2015 жылға дейін
2	Мақат кенті, С. Мұқашев көшесі (Ақдаулет мейрамханасының қасында)	2		01.11.2015 жылға дейін
3	Мақат кенті, 67-бөлімше (М.Баймұханов атындағы мектебінің қасында)	2	1	01.11.2015 жылға дейін
4	Мақат кенті, вокзал маңы ықшам ауданы (Дене шынықтыру кешені)	2	3	01.11.2015 жылға дейін
5	Доссор кенті, "Айгүл" базары қасында	2		01.11.2015 жылға дейін
6	Доссор кенті, О.Шарипов көшесі ("Инабат" сауда үйінің қасында)	2	3	01.11.2015 жылға дейін
7	Бәйгетөбе ауылдық округі, "Бәйгетөбе" мектебінің автокөлік тұрағының алаңшасы. "Мақат мұнай айдау" стансасының ғимаратының алды	2 1	2 2	01.11.2015 жылға дейін
8	402-бекеті, ПМС Жол жөндеу мекемесінің кеңсе ғимаратының қасында	2		01.11.2015 жылға дейін

Кестенің жалғасы

№ р/с	Көшпелі мерекелік және жәрмеңке күндеріне арнайы бөлінген сауда орындар	Бірліктер саны		Сауда жүргізу мерзімі
		Автокөліктен	Сауда шатырынан	
1	Мақат кенті, Қ. Сәтпаев көшесі (орталық алаң)	3	10	Қажетіне қарай
2	Доссор кенті, Ф. Сүлейменова көшесі (орталық алаң)	3	10	Қажетіне қарай